

Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы. 1993 жылғы 12 сәуір Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 374 Заңымен.

Осы Заң инвестицияларды қайтарымды негізде қаржыландырудың негізгі құқылық шарттары мен тәртібін белгілейді. Заң инвестициялардың барлық түрінің тиімділігін арттыруға және инвестициялық процесс ұзақтығын қысқартуға бағытталған.

1-бап. Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі ұғымы

Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі - мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдалана отырып инвестициялардың барлық түрін қаржымен қамтамасыз ету формасы, мұның барысында инвестор қаржы шығындарын кредит шартында жазылған жағдайлар бойынша берген банкіге оларды өтеуге кепілдік береді.

2-бап. Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесінің көздері

Республикалық бюджеттің қаражаты;
банкілік несие ресурстары;

заңды ұйымдар мен жеке адамдардың уақытша бос ресурстары инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесінің көздері болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 2-баптан 1-ші абзац алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1994.12.14. N 250-ХІІІ Заңымен.

3-бап. Қаржыландырудың қайтарым жүйесі көздерінің мақсаты және оларды пайдалану

1 . < * >

2. Басымдық маңызы бар және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын нақты жобалар мен бағдарламалар тізбесін Үкіметтің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі республикалық бюджетті қарап, бекіткен кезде бекітеді.

3. Республикалық бюджеттің инвестицияға жіберілетін бөлігіндегі қаражаты Қазақстан Мемлекеттік даму банкісінің арнаулы есебінде жинақталады және тек объектілерді қаржыландыруға қайтарымды негізде жіберіледі, олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Бюджет қаражаты кооперативтік және жеке тәсілмен тұрғын үй салынатын алаңдарды инженерлік жағынан оңдауға жіберіледі, кейіннен учаскелер үй салушыларға сатылатын болады.

Жобалар мен бағдарламалардың тізбесін, сондай-ақ оларды республикалық бюджет қаражаты есебінен қайтарымсыз негізде қаржыландырудың абсолюттік мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жыл сайын тиісті жылға бюджетті қараған кезде белгілейді.

4. Банкілік ұзақ мерзімді кредиттер қаржыландыратын банк пен инвестор арасындағы кредиттік келісімдердің шарттары бойынша пайдаланылады.

5. Заңды ұйымдар мен жеке адамдардың уақытша бос қаражаттары осы ұйымдар мен жеке адамдардың және қаржыландырушы банктің арасындағы өзара уағдаластық бойынша пайдаланылады.

ЕСКЕРТУ. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.12.14. N 250-ХІІІ Заңымен.

4-бап. Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесін іске асыру механизмі

1. Қаржыландырудың қайтарым жүйесі кезінде жобаны іске асыру құрылыстың ұзақтығының нормативтік мерзімдеріне сәйкес қаржыландыру көздерімен қамтамасыз етілген кезде басталуы мүмкін.

2. Үй салушылар әлемдік практикада (бизнес-жоспар) қабылданған көлемде және түрде жобалар мен бағдарламалар тиімділігінің есеп-қисабын табыс етеді.

3. Қаржыландырудың қайтарым жүйесі кезіндегі жобалар мен бағдарламаларға Мемлекеттік сараптама туралы ережеге сәйкес ақылы негізде жүргізілетін мемлекеттік сараптама жасалуға тиіс.

4. Шаруашылық қызмет субъектілеріне инвестицияларды қаржыландыру үшін қаражат беру қаржыландырушы банкі мен инвестор арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілеген түр мен мазмұн бойынша кредит шартын жасай отырып ұзақ мерзімдік кредит беру жағдайына қарай жүзеге асырылады.

5. Қаржыландыруды ресімдеу және орындалған жұмыс үшін есеп айырысу Банкілердің басқармалары бекіткен Қаржыландыру және кредит беру ережесіне сәйкес жүргізіледі.

6 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.12.14. N 250-ХІІІ Заңымен.

5-бап. Жобалар мен бағдарламаларды сақтандыру

Қайтарымды негізде қаржыландырылатын жобалар мен бағдарламалар сақтандырылуға тиіс. Сақтандыру "Қазақстан Республикасында сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап. Қаржыландырудың қайтарым жүйесі кезінде алынған қаражатты қайтару тәртібі

1. Алынған кредиттерді және олар бойынша сыйақыны (мүддені) қайтару кредит шартымен белгіленген уақыт ішінде жүзеге асырылады.

2. Қаржыландыру көздерінде өзге қарызға алған қаражат болған кезде бірінші кезекте қайтару Қазақстан Мемлекеттік даму банкісінен берілген кредиттер бойынша жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.12.14. N 250 - XIII Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 6-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154-I Заңымен.

7-бап. Инвестициялық қызмет субъектілерінің жауаптылығы

1. Инвестициялық қызмет субъектілерінің өзара жауаптылығы кредит шартымен белгіленеді.

2. Инвестициялық қызмет тоқтатылған немесе тоқтала тұрған ретте кредит шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасы заңдарымен реттеледі. Бұл орайда берілген кредиттер қарызға ақша алушылардан және басқа да инвестициялық қызметке қатысушылардан өндіріп алуға жатады.

8-бап. Қаржыландыру көздерінің пайдаланылуына бақылау жасау

Қаржыландырудың қайтарым жүйесі кезінде қаражат пен шарт жағдайларының нысаналы пайдаланылуына бақылау жасауды Қазақстан Мемлекеттік даму банкісі және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.12.14. N 250-XIII Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті